

ЮНЕСКО-ның Алматыдағы (Қазақстан) өкілдігі

**БАЛАЛАРДЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ МАЗМҰНЫН
ИГЕРУ ЖӘНЕ МЕҢГЕРУ САПАСЫН БАҒАЛАУ
ЖӘНЕ ӨЛШЕУ ӨДІСТЕМЕСІ**

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі ұсынған



УДК 373
ББК 74.202.4
Б 22

ЮНЕСКО-ның Алматыдағы (Қазақстан) өкілдігі

Авторлар тобының құрамы:

Бөкеш Н.И. – «Арина» бастауыш гимназиясындағы РЭП-тің ғылыми жетекшісі

Зиновьева Н.Б. – «Арина» бастауыш гимназиясындағы РЭП-тің ағылшын тілінің оқытушысы.

Миллер Л.И. – «Арина» бастауыш гимназиясындағы РЭП-тің директоры.

Натарова Ю.Н. – «Арина» бастауыш гимназиясындағы РЭП-тің әдіскері.

Татаурова Н.Л. – Шәкәрім атындағы Солтүстік Қазақстан Университетінің психология кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, КО МАНПО-ның корреспондент-мүшесі.

Орыс тілінен аударған: Қ.Байділда

- Б 22** Балалардың мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларының негізгі мазмұнын игеру және меңгеру сапасын бағалау және өлшеу әдістемесі. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мекемелеріне арналған оқу-әдістемелік құрал – Астана: «Арман-ПВ», 2012. – 248 бет.

ISBN 978-601-220-341-7

Бұл әдістемелік ұсынымдарды «Балалардың мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларының негізгі мазмұнын игеру және меңгеру сапасын бағалау және өлшеу әдістемесі» атты бірлескен жобаның шеңберінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің жұмысшы тобы ЮНЕСКО-ның Алматыдағы (Қазақстан) Өкілдігінің кеңесшілік, техникалық және қаржылай көмегі арқылы даярдаған.

УДК 373
ББК 74.202.4

© Бөкеш Н.И., Зиновьева Н.Б., Миллер Л.И.,
Натарова Ю.Н., Татаурова Н.Л.

© «Арман-ПВ» баспасы, 2004

ISBN 978-601-220-341-7

© Аударма, «Арман-ПВ» баспасы, 2011

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатынсыз көшірін басуға болмайды.
Есепте келтірілген материалдар мен фактілер міндетті түрде ЮНЕСКО-ның көзқарасы
болып есептелмейді және бұл Ұйымға қандай да бір тиісті нұқсан келтірмейді.

КІРІСПЕ

Білім беру сапасы, әдетте, алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге жету дәрежесі, педагогикалық үрдіске қатысушылардың білім беру мекемелерінің оқыту, тәрбиелеу және жеке адамды дамытуға бағытталған қызмет көрсету жөніндегі үмітін қанағаттандыру дәрежесі ретінде анықталады.

Білім берудің мақсаттары мен міндеттерін түсінудің жалпы әдістерін басшылыққа ала отырып, оның мектепке дейінгі буынының ерекшелігін ескере келе, мектепке дейінгі білім берудің сапасын әлеуметтік санат (категория) ретінде қарастыру керек, өйткені ол мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балаларды оқыту мен тәрбиелеудің күйі мен нәтижелілігін айқындайды. Мұның өзінде, *мектепке дейінгі білімнің сапасын осындай білім берудің ғылыми дәлелденген мақсаттары мен міндеттеріне жету дәрежесі және мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналары мен ұстаздардың осындай мекемелердің білім беруге бағытталған қызмет көрсету жөніндегі үмітін қанағаттандыру дәрежесі ретінде түсінеді.* Басқаша айтқанда, мектепке дейінгі білімнің сапасына сараптамалық бағалау жүргізу барысында оның *мемлекеттік білім беру стандартына және мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің қызметін тұтынушылардың талаптарына сәйкестігін* анықтау қажет.

Білім беру сапасы – бұл дамушы ұғым, ол мүлде өзгермейтін, тұрақты ұғым бола алмайды. Қазіргі уақытта осы заманғы мектепке дейінгі білім сапасының бағдарларын, Қазақстан Республикасындағы мектепалды даярлық Тұжырымдамасын анықтайтын құжаттарды негізгі іргелі құжаттар деп есептеуге болады. Қорытындысында, күллі мектепке дейінгі білім беру ісі ұмтылатын нәтижеге жетуге нақ осы Тұжырымдама бағыттап отырады. Баланың мектепке даярлық деңгейі қаншалықты

жоғары болса, мектепке дейінгі тәрбие және білім беру жүйесі соншалықты нәтижелі болмақ. Бұл Тұжырымдамада мынадай төрт негізгі қағидат белгіленген:

– *ізгілендіру* – мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының ізгілік бағыттылығын, азаматтық негіздерін, еңбек сүйгіштігін, адамының құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуін, отбасына, Отанына, табиғатқа деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу;

– *білім берудің дамытушы сипаты* – баланың жеке басына бағдар ұстау, оның денсаулығын сақтау және нығайту, ойлау және әрекет ету әдістерін меңгертуді мақсат ету, тілін дамыту;

– *оқыту мен тәрбиелеуді жіктеу және дараландыру* – баланы өзінің бейімділіктеріне, қызығушылықтарына, қабілеттері мен мүмкіндіктеріне қарай дамыту;

– *мектепке дейінгі білімді идеологиясыздандыру* – жалпыадамзаттық құндылықтарға басымдық беру, мектепке дейінгі мекемелер мен мектепалды сыныптарының білім беру бағдарламалары мазмұнының идеологиялық бағыттылығынан бас тарту.

Қазақстанның қазіргі мектепке дейінгі білім жүйесіне сараптамалық баға беруде аталған қағидаттар негізгі іргелі қағидаттар болып табылады.

Қазіргі кезде мектепке дейінгі білім беру жүйесі баланың мүдделері мен қажеттіліктеріне қарай бағдарланған. Негізгі және қосымша білім беру мазмұнын жіктеу, қосымша ақылы білім беру қызметін кеңінен пайдалану, сондай-ақ мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің жаңа түрлерін және балалардың балабақшада немесе мектепалды топтары мен сыныптарында қолайлы (аз уақыт) болу режимін ұйымдастыру нәтижесінде балалар мен олардың ата-аналарының талаптары жүзеге асырылады.

Жалпы алғанда, мектепке дейінгі білімнің сапасын мыналар анықтай алады:

– балалармен жұмыс істеудің мазмұнын, түрлері мен әдістерін түрлендіріп отыру негізінде отбасына бала үшін жекелей білім беру бағытын таңдау мүмкіндігін туғызу;

– баланы өз мамандығын жете білмейтін ұстаздық ықпалдардан әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету;

– балабақшаға жүйелі түрде баратын әрбір балаға мектепке дейінгі кезеңінің соңына қарай бастауыш мектепте ойдағыдай оқуына қажетті ең төменгі даярлық деңгейіне жетуіне көпшілік беру, ал бұл жеке адамның үздіксіз білім алу идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады.

Білім сапасына мониторинг жүргізу. Мектепке дейінгі білім беру жүйесіне қатысты мониторингтің мынадай қырларын бөліп көрсетуге болады:

– мектепке дейінгі білім беру жүйесін дамыту, осы саладағы қолайсыз немесе қатерлі, оған жол беруге болмайтын жағдайлардың дер кезінде алдын алу мақсатында ұлттық, өңірлік және жергілікті деңгейлерде (нақты білім беру мекемелерін қоса алғанда) мектепке дейінгі мекемелердің білім беру қызметінің сапасына сараптама жасау және бағалау, мұндай шараларды жүйелі жүргізіп отыру;

– кері байланысты, яғни педагогикалық іс-әрекеттің іс жүзіндегі нәтижелерінің оның ақырғы мақсаттарына сәйкестігін анықтау үшін жүргізілген іс-әрекеттер мен шаралардың анықталуы мен бағалануын қамтамасыз ететін басқару циклінде айтарлықтай дербес буынның болуы;

– талаптан ауытқу дәрежесін, оның бағыты мен себептерін дұрыс бағалау мүмкіндігі.

Мемлекет көлемінде мектепке дейінгі білімге мониторинг жүргізу жүйесі мынадай басты элементтерден тұрады:

3-4 жастағы баланың жөке психологиялық даму картасы


Баланың аты-жөні _____

Жасы _____

Түртіу мерзімі	Қабылдау	Зейін	Жазы (есте сақтау)	Ойлау			Қиялдау
	«Қызық не жетпейді?» әдісімен	«Суреттерді салыстыр» әдісімен	«Суреттерді өзінде сана» әдісімен	«Тәртіпсіз артыс» әдісімен	«Бір сөзбен ата» әдісімен	«Қызықсыздықтар» әдісімен	«Сурет» әдісімен

Б - бастапқы
Қ - қорытынды

Таным әрекеттерінің даму үраісі



4–5 жастағы баланың жеке психологиялық даму картасы

Баланың аты-жөні _____

Жасы _____

Қабылдауы	Зейіні	Жады (есте сақтауы)	Ойлауы				Қиялдауы
			«Қисынсыздықтар» әдістемесі	«Жыл мезгілдері» әдістемесі	«Реттілігін анықта» әдістемесі	«Бір сөзбен ата» әдістемесі	
«Суреттерде қандай заттар жасырынған?» әдістемесі	«Суреттерді салыстыр» әдістемесі	«Суреттерді есіңде сақта» әдістемесі					«Сурет әдістемесі

Таным әрекеттерінің даму үрдісі

